



# БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 4-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫ

Бентамның утилитаризмі



## Бентамның утилитаризмі

Британия он сегізінші ғасырдың соңғы жылдары мен он тоғызыншы ғасырдың алғашқы жылдарында Еуропаның басым бөлігі басынан кешкен конституциялық күйзелістерді айналып өтті. Бірақ Француз революциясы тұспа-тұс келген 1789 жылы Англияда моральдық және саяси ойлауға Наполеон дүниеден өткен соң да көп жылдар бойы түбегейлі әсер етуі тиіс болған бір кітап жарық көрді. Бұл Джереми Бентамның «Мораль мен заңнама принциптеріне кіріспе» деп аталатын туынды еді, бұл еңбек утилитаризм атауымен танымал ойлау мектебінің негізгі Жарғысына айналды.

Табысты лондондық адвокаттың ұлы Джереми Бентам 1748 жылы дүниеге келді. Кіп-кішкентай, кітап оқуға құмар және өзінің жасына қарағанда ой-өрісі тез жетілген балақай 7 жасында Вестминстер мектебінің табалдырығын аттап, 15 жасында Оксфордтағы Король колледжін тәмамдап шықты. Ол заңгерлік мансап қууы тиіс болып, 21 жасқа толғанда адвокатураға шақырылды, алайда өзі өмір сүрген дәуірдің заңгерлік практикасын ұнатпады. Оксфордта танымал заңгер Уильям Блэкстоунның дәрістерін тыңдап жүрген шағында ол сол кездегі заңгерлік теориядан көңілі қалып үлгерген болатын. Бентамның пікірінше, ағылшын құқықтық жүйесі қолайсыз, жасанды және дәйексіз еді: сондықтан ол юриспруденцияның жүйелі қағидаларына негізделе отырып, басынан бастап қайта құрылуы тиіс болатын.

Оның айтуынша, осындай іргелі қағида үшін ол Юмге қарыздар. «Юмның Адам табиғаты туралы трактатын оқығанда», – дейді ол, – көп нәрсеге қатысты жалған көзқарастан құтылып, пайдалылық немесе утилита дегеніміз – бүкіл ізгіліктің сынағы мен өлшемі, әрі әділеттіліктің пайда болуының жалғыз бастауы деген тұжырымға келдім».

Өз замандастарынан өзгеше ойлаушы диссидент химик Джозеф Пристлидің эссесін басшылыққа ала отырып, Бентам пайдалылық қағидасын былайша түсіндірді: мемлекеттік істерді бағалау өлшемі – бұл осы мемлекет азаматтарының басым бөлігінің бақытты болуы. Жалпы алғанда, моральдың шынайы деңгейі мен заңнаманың шынайы мақсаты – адамдардың неғұрлым көпшілігінің барынша бақытты болуы.

1770 жылдары Бентам Блэкстоунның Англия Заңдары бойынша түсініктемесіне сын жазумен айналысты. Бұл сынның бір бөлігі 1776 жылы Үкімет туралы үзінді атауымен жарық көріп, онда қоғамдық келісім ұғымына қатысты қарсы пікір баяндалды. Осы кезде Бентам итальяндық пенологист Чезаре Беккарианың (1738–1794) идеяларына сүйене отырып, жазалау туралы диссертациясын жазып шықты. Оның «Мораль мен заңнама принциптеріне кіріспе» атты еңбегінің мазмұнында пайдалылық принципін көрсетумен қатар, жазалаудың мақсаттары мен шектеріне талдау жасалды, ол ақырғы жарияланымынан тоғыз жыл бұрын, 1780 жылы жазылып бітті.

Үкімет туралы үзінді атты Бентамның еңбегі «адамдардың неғұрлым көпшілігінің барынша бақытты болуы – дұрыс пен бұрыстың өлшемі» деген қағидасын ең алғаш ашық түрде жария еткен туынды. Кітап анонимді түрде жарық көрді, бірақ оның оқырмандарының қатарында аса ықпалды кісілер де болды, соның ішінде кейіннен Премьер-Министр болған жетекші виг, граф Шелбурн да бар еді. Шелбурн осы шығарманың авторы Бентам екенін білген соң оны өз қамқорлығына алып, Англия мен Францияның саяси билеуші топтарымен таныстырды. Бентамның жаңадан танысқан ағылшын достарының арасындағы ең елеулісі – Чарльз Джеймс Фокстың қарындасы Кэролайн Фокс еді. Бентам ұзақ уақыт оның көңілін табуға жанталаса әрекет етті, ақыры 1805 жылы некелесуге ұсыныс жасап, өкінішке орай, теріс жауап алды. Француз таныстарының арасындағы ең маңыздысы – Шелбурннің баласының тәлімгері Этьен Дюмон болды, ол кейіннен Бентамның шығармаларының біразын француз тіліне аударып жария етті. Біршама уақыт бойы Бентамның танымалдылығы Ұлыбританияға қарағанда, Францияда жоғарырақ болды.

1785–87 жылдарды Бентам Еуропада саяхаттап және Беларусьтегі Кричевте князь Потемкиннің жер иеліктерін басқаратын ағасы Сэмюэльмен бірге болып, шетелде өткізді. Осы кезде ол түрменің жаңа типін – Паноптиконды ойлап тапты, бұл түрменің ғимараты дөңгелек түрде болып, түрме қызметкері тұтқындарды үнемі жоғарыдан бақылап отыратын орталық нүктесі болуы тиіс еді. Бентам Ресейден түрме реформасын іске асыруға құлшынып оралып, Ұлыбритания мен Франция үкіметтерін типтік түрме құру қажеттілігіне сендіруге талпынды.



Сол кездегі Үкімет басы Уильям Питтің ұжымы осы үлгіні құптайтын парламенттік актіні қабылдады, алайда ол өз иеліктерінің жанында түрмелердің болуын қаламаған герцогтік жер иелері мен, Бентамның сенуінше, Король Георг III-нің тікелей араласуының ықпалымен іске аспады. Францияның Ұлттық Ассамблеясы оның Паноптикон салуды бақылауға қатысты ұсынысын қабыл алмады, бірақ осы жобасы үшін оған Республиканың Құрметті азаматы атағын тарту етті.

Бентамның заңгерлік теория мен практикаға деген қызығушылығы оның қылмыстық құқыққа бастапқыда назар аударуымен шектелмей, одан әлдеқайда кең қанат жайды. Азаматтық құқықтың шиеленісті жағдайына көңілі толмаған ол, басқа да көптеген туындылары сияқты өзі дүниеден озған соң көп жылға дейін жария болмаған Жалпы заңдар туралы атты ауқымды трактат жазды. Кедейлерге қатысты заңдар туралы ой-толғанысының нәтижесінде ол «қоғамға ауыртпалық әкелетін кедейлерге» арналған жұмыс орындарын ұсынып, ұлттық акционерлік қоғам басқаратын коммерциялық Паноптикондар желісін салуды ұсынды. Мұндай акционерлік қоғам коммерциялық Паноптикондағы әлеуметтік әл-ауқаты төмен адамдардың өз еңбектерінің арқасында өздеріне қажетті азық-түлігін қамтамасыз еткеннен артылған пайда есебінен табыс тауып отырар еді. Бірақ жазалаушы да, коммерциялық та Паноптикон сол бойы салынған жоқ. Тек 1813 жылы Британия Парламенті Бентамға осы жоспарға қатысты қызметі үшін £23,000 фунт стерлинг көлеміндегі қомақты компенсациялық сома төлеуге дауыс берді.

1808 жылы Бентам Үндістан тарихы атты іргелі туындыны жазуды енді бастаған шотланд философы Джеймс Милльмен дос болды. Милльдің Джон Стюарт есімді екі жасар тамаша ұлы болатын, Бентам осы дарынды балаға білім беруге жәрдемін тигізді. Бірнеше жыл соттардағы дәлелдерді дәйектеу саласында қызмет еткен Бентам, бір жағынан Милльдің ықпалымен де, өз назарын заң рәсімі мен практикасын сынауға емес, саяси және конституциялық реформаға аудара бастады. Бентам 1809 жылы дайын болған, бірақ 1817 жылға дейін жария етілмеген Парламенттік Реформаның Катехизисін жазып шықты, ол бір-екі жылдан соң заң жобасын түбегейлі реформалаудың үлгісінде өзінің жалғасын тапты. Бентам бірнеше жылын конституциялық кодекстің жобасын жетілдіруге жұмсады, бірақ оны аяқтай алмай, дүниеден өтті. Өмірінің соңына қарай қолданыстағы британдық конституция, шын мәнінде, байлардың кедейлерге қарсы жасырын қастандығының көрінісі екендігіне оның көзі жетіп, көңілі қалды. Сол себепті ол монархия мен Лордтар Палатасын жоюды, жаппай дауыс берумен сайланатын жыл сайынғы парламентті енгізуді және Англия Шіркеуін таратуды жақтады.

Бентамның конституциялық және либералды ұсыныстарының ауқымы Британияның аясынан анағұрлым кең болды. 1811 жылы Джеймс Мэдисон Бентамды Құрама Штаттарына арналған конституциялық кодексті құруға шақырды. Ол Лондонның Грек Комитетінде белсенді еңбек етті. Бір кездері Бентам өзінің конституциялық кодексін Латын Америкасында Колумбия Президенті Симон Боливар іске асырады деп үміттенді.

1823 жылы Бентамның идеалдарын қолдаушы «философиялық радикалдар» деп аталатын топ утилитарлы немесе пайданы көздейтін мақсаттарды насихаттауды алға қойған Вестминстерлік шолу атты басылымның негізін қалады. Олар білім беру реформасына қатысты идеяларын жүзеге асыруға талпынған белсенді тұлғалар болды. Бентам грек тілі мен латын тілінен гөрі ғылым мен технологияға баса көңіл аударатын орта білім беруге арналған оқу бағдарламасын жасақтады. Бентам мен оның әріптестері 1828 жылы есігін ашқан Лондон Университеті колледжін құруға белсене атсалысты. Бұл Ұлыбританиядағы студенттерді тест тапсыру арқылы діни тексерусіз қабылдайтын алғашқы университет деңгейіндегі институт болатын. Тумысынан ерекше тұлға болған Бентам, өмірмен де елден ерекше қош айтысты. 1832 жылы дүниеден озған Бентамның мүрдесі оның өз қалауымен осы Колледжде студенттерге көрнекі дәріс барысында адамның ішкі құрылысын көрсету үшін сойылып, оның досы болған доктор Смиттің араласуымен мумияға айналдырылды. Бентамның мумиясына киім кигізіліп, отырғызылған күйі Университет Колледжінің залдарының біріндегі ағаш шкафта әлі күнге дейін келіп көрем деушілерді күтіп, сақталып отыр. Бентамның өзі мұны «авто-икона» деп атады. Оның үстіне, бұл мумия қазіргі таңда Лондонның ең танымал туристік жәдігерлердің бірі ретінде танымал.

Бентамның өмірлік қызметінің ең құнды естелігі – Ұлы Реформа туралы заң жобасы. Бұл жобаның баптары Бентам өмірден өтерден бірнеше апта бұрын заң ретінде қабылдаған парламенттің өкілеттілігін біршама кеңейтті.



Бентам философиядағы бақыт мәселесіне байланысты біраз ойларын жазып қалдырды. Біріншіден, Бентам бақытты рақаттану ретінде түсінеді: ләззат алу – іс-әрекеттің басты қозғаушы күші. Бентамның «Мораль мен заңнама принциптеріне кіріспе» атты еңбегінде ол табиғат адам баласын екі сезімнің: қиналу мен ләззат алудың билеуіне қалдырды деп жазды. Олар біздің істеуге тиіс нәрселеріміз бен істейтін нәрселерімізді анықтайды. Осы екі сезімнен, бір жағынан, жақсылық пен жамандықтың өлшемдері, екінші жағынан – себептер мен салдарлардың өзара байланысты тізбегі туындайды. Олар біздің не істейтінімізді, не айтатынымызды, не ойлайтынымызды – яғни әрекеттеріміздің бәрін басқарып отырады. Оларға бағынышты болудан құтылмақ болып жасайтын әрбір әрекетіміз осы билікті айқындап, дәлелдей түседі. Сол себепті, Бентамның ойынша, бақытты еселеу дегеніміз – ләззаттануды еселеумен пара-пар.

Бентам ләззат алу мен азаптануды сандық тұрғыда өлшеді, ол барынша рақаттануға жетелейтін кез келген іс-әрекетті игілік, жақсылық ретінде санауға болады деді, яғни адамгершілік философиясының басты қағидасы: «барынша көбірек адамның барынша бақытты болуы». Адамды қиналуына және қуануына не себеп болатынына байланысты ол былай деп жазды: «Негізгі төрт себеп бар: ... физикалық, саяси, моральдық және діни себептер». Бұл себептердің ең бастысы, Бентамның пікірінше, физикалық себептер, себебі тек физикалық ләззат алу мен азаптануды ғана объективті түрде өлшеуге болады.

Бентам материалды игіліктердің әділетті түрде үлестірілуіне неғұрлым көп адамның тартылғаны жөн деп санады. Ешқандай мақсатқа және материалды мүдделерге бағынбайтын таза игілік ұғымын алға тартқан Канттан Бентамның бір ерекшелігі – ол адамның іс-әрекеттерін басқа адамдарға барынша көбірек бақыт сыйлайтын жағдайда ғана игілік деп санауға болады деген пікірді ұстанды. Бұл дегеніміз – Бентам тікелей материалды әл-ауқаттың жоғары болуы өте қажет нәрсе деп ойлаған. Бірақ мұндағы ұғынып алатын мәселе, Бентам рақаттану немесе ләззат алу дегеніміз – тек қана тағамға немесе жыныстық қатынасқа, демек, физикалық дүниелерге ғана байланысты емес, оған себеп боларлық басқа нәрселер де жетерлік деген ойда болды. Мысалы, үлкен байлыққа қол жеткізу, жан-жануарларға мейірімді болу және жаратушының бар екендігіне сену сияқты басқа да көптеген нәрселер адамды рақатқа бөлей алады. Сондықтан кей сыншылардың Бентамның гедонизмін, яғни ләззаттануды өмірдің басты мәні ретінде қарастыратын көзқарасын тек тәндік нәрселерге байланыстыруы – қате пікір.

Оны жақсы білген адамдар, тіпті ең адал табынушылары да оның тым біржақты, ой-өрісі өте биік, алайда сезімге келгенде шорқақтау адам болғанымен келіседі. Джон Стюарт Милль оны ой-парасаты өте нақты және дәйекті, бірақ адамдарға тән табиғи және мықты сезімдерге беріле қоймайтын тұлға ретінде сипаттады. Карл Маркс Бентамның бір кемшілігі – ол ағылшын дүкеншісін бүкіл адамзаттың парадигмасы ретінде қарастырды деп айтқан еді.

Бентамның адамның ішкі, тылсым табиғаты туралы білімі, расында да, өте шектеулі еді. «Бұл толығымен эмпирикалық көзқарас, – деді Милль, – әрі, адами сезімдерге қатысты тәжірибесі өте аз тұлғаның эмпиризмі». Милльдің пікірінше, Бентам есеюге жетпеген күйінде өмірден озды. Ол соңғы деміне дейін жас бала болып өтті...